

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1933 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 қазан N 1377

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1933 P001933_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген "Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы

ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыға 1-қосымшада:

11-тармақтағы "ЭХОСТАР-7" - телекоммуникация" деген сөздер "ДИРЕК ТВ" - АҚШ-тың құрлықтық бөлігіне коммерциялық радиохабар тарату" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей Тарапына осы қаулының қабылданғандығы туралы хабарласын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.